

Ақтөбе облысының шекараларындағы жер учаскелерімен 15644 (01475) әскери бөлімінің жер пайдалану құқы тоқтату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 7 ақпан N 171

Ақтөбе облысының шекараларындағы жер учаскелерімен жер пайдалану құқығынан Россия Федерациясы Қорғаныс министрлігінің 15644 (01475) әскери бөлімінің бас тартуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жер туралы" Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 U952717_ Жарлығының 60 бабы негізінде Ырғыз және Шалқар аудандарының аумағындағы жалпы көлемі 624,4 мың гектар жер учаскелерімен осы әскери бөлімнің жер пайдалану құқы тоқтатылсын.

2. Ақтөбе облысының әкімі мен Қазақстан Республикасы Жер

қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің осы қаулының 1 тармағында көрсетілген жерлерді қосымшаға сәйкес запастағы жер қорының құрамына көшіру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 7 ақпандағы
N 171 қаулысына
қосымша

Ақтөбе облысының аумағында 15644 (01475) әскери
бөлімі бұрын пайдаланған жер учаскелерін
запастағы жер құрамына
КӨШІРУ

		Запастағы жер құрамына көшірілетін	
		жер учаскелерінің аумағы	
Жер учаскелерімен жер		(мың гектар)	
пайдалану құқы 15644 (01475)			
әскери бөлімнен берілген			оның ішінде

аудандар атауы	барлығы		
		басқа да	
	жайылым	жер алап.	
	тары		
Ырғыз ауданы	553	497,3	55,7
Шалқар ауданы	71,3	60,3	11
Қорытындысы	624,3	575,6	66,7